



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 7 қыркүйек

### Бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстанда жеке тұлғалардың валюталық ипотекалық қарыздары теңгеге ауыстырылатын болады

2018 жылғы 27 наурызда Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы 2015 жылғы сәуірде қабылданған Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасына өзгерістер мен толықтыруларды бекітті.

Бағдарламада жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін теңгемен алынған валюталық ипотекалық қарыздарын Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша қайта қаржыландыру көзделеді. Валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға Ұлттық Банктің қаражаты есебінен 150 млрд. теңгеден астам бөлінді. Өз кезегінде, банктер қарыздарды қайта қаржыландырған кезде 136 млрд. теңгеден астам сомаға сыйақы, өсімпұл (тұрақсыздық айыбы), комиссиялар бойынша қарыз алушылардың берешегін кешіретін болады.

«Бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстанда жеке тұлғалардың валюталық ипотекалық қарыздары теңгеге ауыстырылатын болады. 2016 жылы 1 қаңтарда шетел валютасында табысы жоқ жеке тұлғаларға шетел валютасында жаңа ипотекалық қарыздарды беруге тыйым салынғанын ескерсек, Бағдарламаны жүзеге асыру банктердің портфельдеріндегі шетел валютасында берілген ипотекалық қарыздарды жоққа шығарады және халық үшін келешекте валюталық тәуекелді болдырмайды», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев.

А. Терентьев банктердің валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру мерзімі **2018 жылғы 30 желтоқсанда**, қарыз алушының қарызды қайта қаржыландыруға өтініш беру мерзімі - **2018 жылғы 15 желтоқсанда** аяқталатынына назар аударды. Ол қарыздың Бағдарлама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін қарыз алушылардың кредитор банкке өтініш беруі қажет екендігін атап өтті.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Банк Kassa Nova» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ, «Bank RBK» АҚ, «KZI Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank» АҚ, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ және «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға кірісті.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банктер валюталық қарыздарды қайта қаржыландыруға **22,2** млрд. теңге сомасына **2 504** өтінімді мақұлдады және **11,7** млрд. теңге сомасына **1 551** қарыз қайта қаржыландырылды. Өңірлер мен банктер бойынша ақпаратпен <http://www.nationalbank.kz/?docid=1310&switch=kazakh> сілтемесі арқылы «Банктердің ақшаны игеруі туралы ақпарат» бөлімінде толығырақ танысуға болады.

Сонымен қатар А.Терентьев Бағдарламаның 2004 - 2009 жылдар аралығындағы кезеңде қарыз алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталғанын ескертті.

Көрсетілген қарыздарды қайта қаржыландыруға Қазақстан Ұлттық Банкі 130 млрд. теңге бөлді. Сондай-ақ Ұлттық Банктің қаражаты есебінен сотқа талап арыз бергенде банктер төлейтін мемлекеттік баж салығы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылардың 300 млн. теңгеден астам сомаға берешегі өтелді және проблемалық валюталық қарыздар бойынша 8 млрд. теңгеден астам сомаға бағам айырмасы төленді.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Бағдарлама шеңберінде банктер тарапынан **154,3** млрд. теңге сомасына **24 853** қарыз мақұлданды, **131,5** млрд. теңге сомасына **22 665** қарыз қайта қаржыландырылды.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша өңірлер және банктер бөлігінде мақұлданған және қайта қаржыландырылған ипотекалық қарыздар жөніндегі ақпаратпен <http://www.nationalbank.kz/?docid=1310&switch=kazakh> сілтемесі бойынша «Банктердің ақшаны игеруі туралы ақпарат» бөлімінде танысуға болады.

«Бағдарлама өлшемшарттарына сәйкес келетін, бірақ қайта қаржыландыру үшін банкке өтініш бермеген қарыз алушылардың қарыздары бойынша Бағдарламада белгіленген қайта қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін банктер қолданыстағы заңнамада көзделген қарыздарды өндіріп алу рәсімдерін қайта бастауға құқылы. Бұл ретте, Ұлттық Банк бұдан былай қарыз алушыларға банктердің өндіріп алу рәсімдерін жүргізуін тоқтата тұруға жәрдемдесе алмайды», - деп хабарлады А. Терентьев.

«Жалпы алғанда, Қазақстан Ұлттық Банкі ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсету үшін 300 миллиард теңгеден астам бөлді», - деп қорытындылады уәкілетті органның өкілі.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)